

## Курмин ауылдық округі Құрма ауылындағы көшелерді қайта атау туралы

Қарағанды облысы Абай ауданы Курмин ауылдық округінің әкімінің 2020 жылғы 4 наурыздағы № 1 шешімі. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 12 наурызда № 5745 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңының 14 бабының 4 тармақшасының, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35 бабының 2 тармағының негізінде және тұрғындардың пікірлерін ескере отырып, Курмин ауылдық округінің әкімі ШЕШІМ ЕТТІ:

1. Қарағанды облысы, Абай ауданы, Курмин ауылдық округі, Құрма ауылындағы көшелер келесідей:

- 1) Дружбы көшесін Достық көшесіне;
- 2) Спасская көшесін Сарыарқа көшесіне;
- 3) Лиманная көшесін Бірлік көшесіне;
- 4) Мира, Мирная көшелерін біріктіріп Бейбітшілік көшесіне;
- 5) Қазақстанның 50 жылдығы атындағы көшесін Абай көшесіне;
- 6) Асфальтная көшесін Керуен көшесіне;
- 7) Молодежная көшесін Жастар көшесіне қайта аталсын.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

3. Осы шешім алғаш рет ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Курмин ауылдық округінің әкімі:*

*Садвакасов А.Д.*